



**Құрметті әріптестер, қадірменді ардагерлер,
сіздерді Отан қорғаушылар және
Жеңіс күнімен құттықтаймын!**

Біздің зауыт-Ұлы Жеңістің құрдасы. Бұл күні біз кейінгі ұрпақ үшін рухтың, батылдықтың және еңбекқорлықтың үлгісі болған барлық соғыс ардагерлерің тыл еңбеккерлерін ерекше жылулықпен еске аламыз.

Бүгінде еліміздің бірнеше өңірі, соның ішінде біздің облысымыз табиғи апатты бастан өткеріп жатқан кезде, біздің бірлігіміз – барлық қиындықтарды ойдағыдай еңсерудің КЕПІЛІ ретінде ерекше маңызға ие болып отыр. АМӨЗ ұжымы осы шиеленісті және жауапты кезеңде Қазақстан экономикасының игілігі үшін ынтымақтасып, жұмысын жалғастыруда.

Зауыт қызметкерлері жаңа үлгідегі Отан қорғаушылар десе де болады, өйткені олар Ұлы Отан соғысының жеңімпаздарынан үздік дәстүрлерді қабылдайды және жұмыс орындарында ерлік жасайды. Көп жылдар бұрынғы ардагерлер сияқты, бүгінде зауыттықтар да, біздің табысымыздың басты үш құрамдас бөлігі саналатын ең жақсы сапалы мұнай өнімдерін өндіру, қауіпсіз еңбек және тұрақтылықты қамтамасыз ете отыра Отан үшін жаңа жеңіс жолында күрес үстінде.

Баршаңызға және отбасыларыңызға зор денсаулық, барлық бастамаларыңызға сәттілік және бейбіт аспан тілеймін!

«АМӨЗ» ЖШС Бас директоры Абзал ДОСЖАНОВ

**Дорогие коллеги, уважаемые ветераны,
поздравляю вас с Днем защитника
Отечества и Днем Победы!**

Наш завод – ровесник Великой Победы. И в этот день мы с особой теплотой вспоминаем всех ветеранов войны, тружеников тыла, ставших для последующих поколений примером стойкости духа, отваги и трудолюбия.

Сегодня, когда несколько регионов страны, включая нашу область, переживают природную стихию, особую значимость приобретает наше единство – залог успешного преодоления всех трудностей. Коллектив АНПЗ в этот напряженный и ответственный для страны период сплочен и трудится во благо экономики Казахстана.

Нынешние защитники Отечества – заводчане новой формации, они перенимают лучшие традиции у победителей Великой Отечественной войны и совершают новые подвиги, но уже на своих рабочих местах. Как и ваши коллеги много лет тому назад, сегодня вы, заводчане, работаете над новой победой для Родины – производством лучших качественных нефтепродуктов, безопасным трудом и стабильностью – трех главных составляющих нашего успеха.

Желаю всем вам и вашим семьям крепкого здоровья, успехов во всех начинаниях и мирного неба!

Генеральный директор ТОО «АНПЗ» Абзал ДОСЖАНОВ

**Трудовые будни
работников водозабора**



**Балмағамбетовтер
әулеті**

Құрметті әріптестер!

28 сәуір Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні болып табылады, ол өндірістік қауіпсіздік мәселелеріне және зауыт қызметкерлерінің денсаулығына қамқорлық жасауға назар аударуға арналған.

Осы үлкен мерекелі күні мен сіздермен керемет жаңалықпен бөліскім келеді! Зауыт қызметкерімен болған жазатайым оқиға соңғы рет тіркелген сәттен бастап біз жарақатсыз 1 255 күн (10 млн адам/сағаттан астам) жұмыс істедік. Бұл әрқайсыңыздың ортақ еңбегі, жұмысыңыздың және күш-жігеріңіздің нәтижесі. Технологиялық процестер мен қауіптілігі жоғары жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – әрбір қызметкердің жауапкершілігі.

Біздің зауыт жұмысқа арналған ең қауіпсіз, жайлы және таза орындардың бірі болуы үшін, бәріміз тырысып ат салысамыз. Сіздердің кәсібилігіңіздің, ұмтылысыңыздың арқасында біз осындай жоғары нәтижелерге қол жеткіздік. Жақын болашақта бізді тек жалпыға бірдей қатысумен ғана қол жеткізуге болатын өндірістік қауіпсіздік деңгейін арттыру бағытында елеулі өзгерістер күтеді.

Әр қызметкерге сіздердің жұмысыңыз бен өз істеріңізге адалдықтарыңыз үшін алғыс білдіргім келеді. Біз бірге авариялардың, оқиғалардың, жазатайым оқиғалардың, жол-көлік оқиғаларының туындауын болдырмай, Өмірлік Маңызды Қағидаларды сақтай отырып, еңбек қауіпсіздігі мәдениетінің деңгейін арттыратынымызға сенімдімін.

Баршаңызды осы жетістікпен құттықтап, жұмысымызға табыс пен өркендеу тілеймін!

«AMÖЗ» ЖШС бас директоры Абзал Досжанов

Уважаемые коллеги!

28 апреля является Всемирным днём охраны труда, который призван привлечь внимание к вопросам производственной безопасности и заботе о здоровье работников завода.

В этот знаменательный праздничный день я хочу поделиться с вами замечательной новостью: с момента последней регистрации несчастного случая с работником завода мы отработали 1 255 дней (свыше 10 млн чел. ч) без травматизма. Это общая заслуга и результат работы и усилий каждого из вас. Обеспечение безопасности технологических процессов и работ повышенной опасности – это ответственность каждого работника.

Мы все стремимся к лучшему, чтобы наш завод был одним из самых безопасных, комфортных и чистых мест для работы. Благодаря вашему профессионализму и стремлению мы смогли достичь таких высоких результатов. В ближайшем будущем нас ждут значительные изменения в сторону повышения уровня производственной безопасности, которые достижимы только при всеобщем участии.

Хочу выразить благодарность каждому сотруднику за вашу работу и преданность своему делу. Уверен, что вместе мы сможем повысить уровень культуры безопасности труда, соблюдая Жизненно Важные Правила и исключая возникновение аварий, инцидентов, несчастных случаев, дорожно-транспортных происшествий.

Поздравляю всех с этим достижением и желаю дальнейших успехов и процветания в нашей общей работе!

Генеральный директор ТОО «АНПЗ» Абзал Досжанов

КӨМЕК

Күшіміз–бірлікте!

Қазіргі таңда еліміздің көптеген өңірлері қиын кезеңді бастан кешіріп жатыр. Соның ішінде Батыстықтар қиындықтың көп бөлігін өзіне қабылдау үстінде. Облысымыз ұзақ уақыт бойы су тасқынына қарсы күрес жұмыстарын жұмыла атқарып жатыр. Ел басына күн туған кезде еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін қол үшін созуға.

Соның ішінде елімізге белгілі компаниялар мен тұлғалар да өз тарапынан қолдауын түрліше білдіріп жатыр. Атырау мұнай өңдеу зауыты жағалауды бекіту жұмыстарына ат салысып, техникалар мен қажетті құрал жабдықтармен қамтамасыз етті. Және де

кәсіпорын қызметкерлері бір күндік еңбекақыларын су тасқынынан зардап шеккен жандарға көмек ретінде аударды. AMÖЗ қызметкерлері 39,4 млн теңгені «Атырау» әлеуметтік дамыту корпоративтік қорына аударды.

Өз кезегінде қор директоры Атырау мұнай өңдеу зауытының бас директоры Абзал Досжановтың атына алғыс білдіру хатын жолдаған болатын. Онда: «Ақшалай көмек су тасқынынан зардап шеккен аймақтарға және де қажетті құралдарға жұмсалатын болады. Сіздерге ынтымақтастықтарыңыз үшін рақмет айта отырып, қызметтеріңізге сәттілік, табыс тілеймін», – деп зауыт тарапынан көрсетілген көмек үшін ризашылығын білдірді.



ЖОБА

AMÖЗ 80 жылға жуық тарихында талай жанды, кейде тіпті бүкіл отбасыны жұмыспен қамтып келді. Зауыт дегенді естігенде ойға тұрақтылық келеді. Барлық мамандарды қызықтыратыны да осы болса керек. Кәсіпорын бүгінде талай жобаны іске асырып, нәтижесіне қол жеткізіп келеді. Соның ішінде Атырау мұнай өңдеу зауыты мен АРЕС Training Center оқу орталығы бірлесіп жүзеге асырып жатқан «AMÖЗ тағылымгері» бағдарламасы да алғашқы жемісін бере бастады. Бағдарламаның 16 қатысушысы зауытқа жұмысқа орналасты.


«2023-ші жылы Уфа мемлекеттік мұнай технологиялық университетін аяқтап жұмыс орнын іздеп бастадым. Сол жылы қыркүйек айында әлеуметтік желіде «AMÖЗ тағылымгері» бағдарламасына тап болдым. Бұл бағдарламаны мұнай саласына қатысты мамандар жоғары бағалап қатысуға кеңес берді. Өтініш берген соң қоңырау шалып тест тапсыруға шақырды. Математика, химия және логика сұрақтарына жауап беріп тесттен сәтті өттім. Бір аптадан соң сұхбатқа шақырылдым, қойылған сұрақтарға толық және нақты

Бағдарлама нәтиже бере бастады



жауап бердім. Осылайша бағдарлама қатысушысы атандым. Қазан айында АРЕС ТС базасында оқу басталды. Техникалық қондырғы операторына керек сабақтар өткізілді. Оқу барысында бізді жатын орын және 3 мезгіл тамақпен қамтамасыз етті. Жауапты тұлғалар 5 ай өткен соң біздің талабымызды байқап, зауытқа жұмысқа шақырды. Бүгінгі күні мен хош иісті көмірсутектер өндірісінің ТАМЭ қондырғысында қызмет етудемін. Жұмысастар әр кезде қол ұшын беріп, түсінбеген сұрақтарыма жауап айтып түсіндіреді. Мен өз болашағымның жарқын боларына сенемін және осы зауытта мансап құруды жоспарлап отырмын», - дейді Нұратхан Сағатжанов.

ПРОИЗВОДСТВО



Flir определяет утечку газа

Тепловизор уровня «эксперт» для обнаружения утечек различных газов применяется на Атырауском НПЗ. Современный девайс Flir GFX320 – взрывозащищенный и удобный в применении.

Тепловизор представляет собой инфракрасную камеру с функцией фото- и видеофиксации. Он на расстоянии обнаруживает, визуализирует и передает на экран утечку любых невидимых распространяемых летучих органических соединений, которые встречаются на нефтегазовых объектах, и позволяет оценить степень её риска.

Инфракрасная камера в значительной степени повышает безопасность оператора. С тепловизором Flir GFX320 можно оперативно находить проблемные места и своевременно устранять их без необходимости прекращения работ, тем самым исключая потенциальное отравление га-

зами работников и чрезвычайные ситуации на предприятии.

У этой модели тепловизора удобная и эргономичная конструкция, окуляр с изменяемым углом наклона, вращающимся ЖК-экраном и поворотной рукоявкой.

Камера обнаруживает 20 видов газа: бензол, этанол, этилбензол, гептан, гексан, изопрен, метанол, метилэтилкетон, метилэзобутилкетон, октан, пентан, 1-пентан, толуол, ксилол, бутан, этан, метан, пропан, этилен, пропилен.

Ведущий инженер технического отдела Мурат Джайлауов

Кроме нефтеперерабатывающей отрасли Flir также применяется на морских буровых платформах; в портовых терминалах сжиженного газа; на устьях скважин природного газа; на газоперерабатывающих заводах и т. д.

УСТАНОВКИ



На фото – нынешний коллектив установки:

Слева направо в верхнем ряду: машинист Абай Хамзаев, машинист Асылан Қошақов, электромонтер Катих Фабдрахманов, начальник объектов водопотребления Аскар Ермышев, начальник установки Адильбек Утепов, машинист Оралбай Нұрғалиев, машинист Арал Уандықов, электромонтер Ерболат Нетеков, машинист Марат Жолжанұлы.

Слева направо в нижнем ряду: работник водоблока Нурболат Уринбасаров, электромонтер Хисмет Қайрошев, электромонтер Қоныс Тегісбаев, электромонтер Эдуард Кисиков, машинист Аскар Нұрғалиев, электромонтер Нариман Зулхайыров.

Трудовые будни работников водозабора

Ухоженный двор, выметенные чисто бетонные дорожки. Цветущие плодовые – вишни, яблони, абрикосы. Прямо напротив входной калитки в клумбе кумачовые головки заодно подняли весенние тюльпаны. Прямо по центру – прямоугольной формы побеленное здание насосной станции. За ним – поблескивает вода Урала. Это водозаборное сооружение завода.

Начальник установки Адилбек УТЕПОВ рассказывает, что водозабор введен в эксплуатацию в декабре 1945 года, сама установка спроектирована американской фирмой «Баджер и сыновья», сооружение относится к цеху водопотребления. Река является главным источником технического водоснабжения завода. Функция сооружения заключается в том, чтобы брать воду из реки Урал и подавать её на объекты АНПЗ для производственного и противопожарного водоснабжения.

Водозаборное сооружение с насосной станцией расположено на левом берегу Урала, в 500 метрах выше протока Перетаска. Оно снабжено рыбозащитным устройством (РЗУ) с жалюзийным экраном, который омывается гидравлической струей, – это исключает попадание молодой рыб и личинок в водопроводную трубу. Высота РЗУ – 6,8 метра. Установку подготовили к приходу «большой воды»: нарастили высоту парашета, обваловав его пленкой и укрепили мешками с песком, а также усилили металлоконструкцию РЗУ.

– Всего в штате 14 человек, включая меня. На установке работают шесть машинистов, из них четверо ходят по сменам. На смене обычно несут своё дежурство один машинист и один электрик, – рассказывает Адилбек Калауович, указывая на панорамные окна в здании насосной.

Оттуда скромно помахали машинист установки Аскар НУРГАЛИЕВ и электрик Нариман ЗУЛХАЙЫРОВ. Это операторная, место их службы. В обязанности машиниста входит обслуживание насосов и оборудования, он же устраняет неполадки при необходимости, наблюдает за работой насосов, систем охлаждения, контролирует исправность различных задвижек и трубопроводов. Оперативный дежурный электромонтер отвечает за исправность электрооборудования, осуществляет надзор за режимом эксплуатации электрического оборудования сетей электроснабжения участка, ведет контроль за безопасностью обслуживания и состоянием защитных средств, обходит и осматривает электрооборудование на своем участке.

В здании насосной работает центр-



Фото с пенсионерами водозабора.

бежный артезианский насос производительностью 1 200 кубических метров воды в час. Есть еще 5 насосов – они в резерве. На промышленную площадку АНПЗ вода подается через выкидной коллектор по магистральному подземному водоводу, из которого есть выходы для полива зеленых насаждений в Жилгородке.

– Полив деревьев по Ауэзова, Бимаганова, Севастопольской, Ондасынова и Ватутина – наша зона ответственности, – рассказывает А. Утепов.

Насос работает громко. Машинист установки привычно следит за технологическим режимом, обсуждая что-то с дежурным электриком.

Адилбек Калауович ведет нас ближе к реке – мы спускаемся вниз по сетчатым ступенькам на такую же ячеистую площадку рыбозащитного устройства, построенное на водозаборе в 1981 году. Смотрим уровень воды, по которому контролируют подъем Урала.

– Два года назад мы, наконец, подключились к городской водопроводной сети «Атырау су Арнасы», до этого у нас не было питьевой воды, – рассказывает начальник установки Адилбек Калауович, – это радость для всего коллектива.

Кстати про коллектив свой Утепов сказал: небольшой, но дружный и сплоченный. Помочь друг другу не только в работе, но и в жизни – даже не оговаривается. Не забывают сотрудники водозаборного сооружения и своих ветеранов-наставников, поздравляют их с праздниками, часто вспоминают, обращаются за советом.

– Опытные и профессиональные люди тут работали: Николай УСА-

ботник, разные награды имеет, на доске почета его фотография долгие годы висела. Всех помним, как ответственных и добросовестных работников, – вспоминает А. Утепов.

Сам Адилбек Калауович на должности с 2018-го года, а на АНПЗ впервые пришел в 1993 году. Об установке знает всё – свободно и интересно рассказывает историю её строительства, вспоминает пофамильно работавших здесь за много лет до него, легко объясняет конструкцию оборудования до последнего болтика.

Сооружение не единожды было модернизировано: в 2004 году на установке запустили в работу новые насосы. В 2021 году закончили реконструкцию по замене электрического оборудования РЗУ. С 2022 года на установке работает автоматический самоочищающийся АСМЕ фильтр, предназначенный для непрерывного удаления взвешенных твердых частиц из водозаборных технологических или сточных вод. В этом году закончили реконструкцию лестницы для спуска водолазов в водоприемные камеры и ремонт водоприемных окон, восстановили пластины жалюзийных экранов и сороудерживающих решеток, заменили рыбозащитные сетки. Все работы выполняли силами РМЦ и самих работников установки.

– В ближайшем будущем мы должны установить дополнительные фильтрационные установки, наша цель – обеспечить завод чистой водой, – рассказывает Адилбек Калауович. – Так что работа у нас всегда есть, без дела сидеть не приходится.

Внезапно прямо перед нами разворачивается действие: неизвестно откуда взявшиеся водолазы приступили к сбору своего товарища. Работа их слаженная. Не говоря ни слова, в считанные минуты, собирают Евгения РОМАНОВА, руководителя водолазных работ, для погружения в камеру сбора воды, на 8-метровую глубину, три из которых – это вода. Водолаз будет чистить камеру от ила, попутно – еще и от мусора, принесенного течением реки. Антон ИГНАТЬЕВ, водолаз 5 разряда, – ответственный за сбор товарища, привычными отработанными движениями проверяет ремни, трубки для подачи воздуха и клапаны, вместе со страхующим руководителем водолазных работ Николаем ЧЕРЕПАНЫМ они надевают на водолаза баллоны с кислородом и водолазный шлем весом 12,5 кг. Это ребята из ТОО «Гидротехническая компания», водолазы которые в декабре прошлого года вернули в городскую водопроводную систему воду. Здесь они работают по договору. Водолазная группа круглогодично проводит гидротехническое обеспечение на водозаборе: чистят от ила, водорослей и посторонних предметов подводные камеры насосной станции, рыбозащитные устройства, обследуют и чистят приемную камеру, самотечные трубопроводы, их сороудерживающие сетки, обслуживают и при необходимости ремонтируют любое оборудование, находящееся под водой, измеряют глубину реки у водозабора и даже делают подводную видеосъемку.

Так проходит каждый будничный день на водозаборе, так несет свою необходимую и важную службу коллектив водозаборного сооружения.



3 ғасырды құрайтын – Балмағамбетовтер әулеті

Кәсіпорынның басты құндылықтарының бірі – адамдар. №441 мұнай өңдеу зауытының құрылысы басталған уақыттан бастап отбасыларымен жұмысқа тұра бастаған. Сұрапыл соғыс жылдарында отынның жетіспеушілігінен туындаған зауыт тұрғызу туралы шешім бүгінде ел экономикасының алдыңғы қатарда болуына бірден-бір себепкер болып отыр. Басылымның бүгінгі санында майданда ерлік көрсетіп, содан соң кәсіпорынның дамуына елеулі үлес қосып, бүгінде ұрпағы ел экономикасының көркеюіне мұрындық болып жүрген Балмағамбетовтер әулеті туралы әдемі әңгіме өрбітпекпіз.



Аталмыш династияны бастаушы Шалмағамбет Балмағамбетов 1912 жылы 10 қазанда дүниеге келген. Балаларының айтуынша анасы өмірден ерте кетіп, Шалмағамбет атамның балалық шағы қиындау өтеді.

Ұлы Дүйсен Балмағамбетовтың сөзінше әкесі 1940 жылы әскерге шақырылып, әскери борышын Ташкентте өтейді. 1941 жылы соғыс басталып сол жылдың шілде айында Ташкенттен соғысқа аттанады. Бірақ Брянск маңында эшалондар немістердің бомбалауы кезінде істен шығады, аман қалғандары Брянск ормандарына шегінуді. Сол жақта партизан отрядтары құрылып, 1943 жылдың тамызына дейін партизандар қатарында пулеметші болады, Брянск азат етілген соң кеңес әскерлерімен Берлинге дейін барған.

1945 жылы 25 қыркүйекте демобилизация жарлығы шығып елге оралады. Елге оралғанда ол кісіні әкесі мен жары Рахима күтіп алып, әскерге кеткенде құрсақта қалған ұлы Төлегенмен аманесен қауышады. Соғыстан кейін Ширина шағын ауданында орналасқан мұнай құю айлағында жұмыс істеген, 1957 жылы Гурьев мұнай өңдеу зауытының 4 цехына мұнай өнімдерін құюшы қызметіне тұрады. 1970 жылы зейнеткер атанған. 1976 жылы тамызда Брянск Кеңес орындары мен әскери комиссариаттың шақыртуымен партизан жасақтарының құрылғанына 35 жыл, Брянсктің жаудан азат етілгеніне 33 жыл толуына арналған шараға қатысқан.



Екінші қатарда оң жағындағы Ш. Балмағамбетов.

Шалмағамбет Балмағамбетов туралы деректер Қасым Қайсеновтің «Шолақ тоң», Әди Шариповтың «Партизан қызы», сондай-ақ «Қазақстан партизандары» кітаптарында көптеп кездеседі.

«1990 жылы жергілікті баспасөз беттерінде иесін таппаған марапаттар жөніндегі мақала жарық көрді. Сол тізімде Шалмағамбет Балмағамбетұлының есімі

аталған. Осы тізім негізінде әскери комиссариат майдангердің жарына III дәрежелі «Даңқ» орденінің куәлігін табыстады. Бұл құрметті ол кісі көрмегенімен ұрпақтары үшін үлкен мақтанш, абырой деп есептейміз», - дейді келіні Ақмарал Гусманова.

Жеңістің 75 жылдығына орай 2020 жылы «Жаңғырық» газетінде тарихта белгілі тұлғалар, партизан Жылбек пен Жамал мақаласы жарық көрді. Сол мақалада да Беларусь жеріндегі партизандар отрядының құрамы аталған. Ол тізімнен де Шалмағамбет Балмағамбетовті кездестіруге болады. Кейбір деректер бойынша Шалмағамбет Балмағамбетов тарихта аты қалған Жылбек пен Жамалдың соғыс барысында дүниеге келген Майя қыздарын баққан. Майяның майданда, орманда партизандардың арасында дүниеге келуіне байланысты сәбидің дауысы жаулардың құлағына жетпеу үшін қолдан-қолға түсірмей баққан деседі.

Шалмағамбет Балмағамбетов жары Рахимамен өмірге 10 перзент әкеледі. Олардың екеуі бала кезінде өмірден өтіп кетеді, ал артында қалып, әулетті жалғастырған ұрпақтарына тоқталсақ: Әулеттің тұңғышы Төлеген Балмағамбетов 1962-1966 жылдары 4 цехта оператор болып еңбек еткен.

Екінші қызы Зибаш Балмағамбетова орталық зауыт зертханасында сынама алушы болып 1 жыл қызмет еткен.

Үшінші қызы Бетима зауыт асханасын-

да 8 жыл қызмет атқарған. Ол кісінің жолдасы, әулеттің күйеу баласы Қайыргелді Темірбеков 35 жыл өмірін зауытқа арнап, қызметкерлерді тасымалдайтын автобус жүргізушісі қызметін атқарды. Ол кісілердің ұлдары Сергей 15 жыл көлік цехында жүргізуші, Берік-сапаны қадағалау департаментінде 15 жыл маман болып қызмет етті.

Төртінші ұлы Дүйсен – 1971 жылы электр цехына аспапшы болып орналасады. 1976 жылы зауыт жолдамасымен Шымкент химия-технология институтын бітірген. 1993 жылдан бастап бас аспапшы лауазымымен 2014 жылы зейнеткерлікке шықты. Жалпы өтілі 26 жыл.

Бесінші ұлы Есен РТИ мекемесінде 4 жыл машинист болып жұмыс жасады. Есеннің ұлы Ерболат – орталық зауыт зертханасында мотор отынын сынаушы қызметінде 19 жыл бойы қызмет етіп келеді. Есен ағамыздың Маржан атты қызының жолдасы Тұрлан Назаров та 12 жылдық өтілмен гидрогенизациондық процестер өндірісінде механик қызметінде.

Алтыншы ұлы Амангелді – еңбек жолы 1976 жылдан басталады. Ұзақ жылдар көлік цехында, өртке қарсы қызметте жүргізуші, кейін ароматикалық көмірсутектер өндірісінің айналма сумен қамту блогында аппаратшы болып қызмет етті. 2015 жылдан бастап зейнеткер. Жалпы өтілі 39 жыл. Байырғы қызметкер атағының, құрмет грамоталарының иесі. Оның ұлы Қайрат – тазарту құрылыстары мен промканализация цехында 15 жыл қызмет етті. Жары Ақмарал Гусманова 1992 жылдан бері зауытта жұмыс жасайды. Қазіргі таңда орталық зауыт зертханасының сапа бойынша бастығының орынбасары. Өтілі - 32 жыл ҚМГ АҚ ҰҚ құрмет грамотасы, «Кадр қызметкері», «Зауыт ардагері» атағы мен «Мұнай-газ кешенінің дамытуға қосқан үлесі үшін» медалінің иегері.

Жетінші ұлы Кенжебай – 1982 жылдан 2020 жылға дейін зауытта еңбек етті. 2020 жылдан бастап мердігер компанияда, бұрынғы көлік цехында жүргізуші болып қызметін жалғастырды. Өтілі 38 жыл «Зауыт ардагері», «Байырғы қызметкер» атағы мен ҚМГ Ұлттық компаниясының төс белгісімен марапатталған. Келіншегі Айгүл Мергенқызы – 1984 жылдан күні бүгінге дейін жылу және электр орталығының су тазарту операторы болып жұмыс жасайды. Зауытта 40 жылдық өтілі бар. Олардың ұлы Ерсұлтан Кенжебайұлы 2008 жылдан бері электр цехында қызмет етеді. Қазіргі таңда – инженер. 16 жылдық өтілі бар. Тағы бір ұлы Нұрсұлтан Кенжебайұлы – орталық зауыт зертханасының мотор отынының сынақшысы болып қызмет етеді. Өтілі – 6 жыл Ерсұлтанның жары Жадыра Хаирова 11 жылдан бері орталық зауыт зертханасында инженер қызметінде еңбек етеді.

Сегізінші қызы Шалмағамбетқызы Орнайдың перзенті Айгерім орталық зауыт зертханасында 2014 жылдан бері лаборант болып жұмыс жасайды. Өтілі – 10 жыл. Ал ұлы Арыстанбек Картымұлы 2 – ші жыл бақылау өлшеу аспаптары және автоматика цехында слесарь қызметін жалғастыруда.

Бүгінде Атырау мұнай өңдеу зауытының белестерді бағындыруына атсалысып жүрген Балмағамбетовтер жанұясы сонау Ұлы отан соғысынан жеңіспен оралған аталарын мақтан етіп, кейінгі ұрпақтарына сол рухты сіңіріп өсіруге талпынып келеді. Бүгінде бұл отбасы – бірліктің, татулықтың яки табандылықтың үлгісі іспеттес. Өйткені жеңістің тек еңбекпен келетіндігін жақсы біледі.

